ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә. Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

6В07501 – Өнеркәсіптік инженерия

Замзина Мадина Саттарқызы

Өнеркәсіптік өнімдердің сапасын сертификаттау процесін тиімділеу

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07501 – Өнеркәсіптік инженерия

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә. Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасының меңгерушісі,
т. ғ. к., PhD
Ережеп Д.Е.
«05» 06 2025 ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им.К.И.Сатпаева»
Институт энергетики и машиностроения

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Өнеркәсіптік өнімдердің сапасын сертификаттау процесін тиімділеу»

6В07501 – Өнеркәсіптік инженерия

Орындаған: Замзина Мадина Саттарқызы

Рецензент
PhD, Ассистент профессора
_____ Егеменова Ш.Б.
«___» _____ 20___ ж.

Ғылыми жетекші
Аға оқытушы
_____ Есентай А.М.
«___» _____ 20__ ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә. Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

6В07501 – Өнеркәсіптік инженерия

БЕКІТЕМІН
Стандарттау, сертификаттау және метрология
кафедрасының меңгерушісі,
т. ғ. к., PhD
Ережеп Д.Е.
«05» 06 2025 ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им.К.И.Сатпаева»
институт энергетики
и машиностроения

Дипломдық жұмысты орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Білім алушы Замзина Мадина Саттарқызы
(*Білім алушының аты-жөні)*
Тақырыбы: «Өнеркәсіптік өнімдердің сапасын сертификаттау процесін тиімділеу»
(дипломдық жұмыстың тақырыбы)
Университет ректорының «4 желтоқсан» 2023 ж. № 548-П/Ө бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «10» маусым 2025 ж..
Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: _____
Дипломдық жұмыста әзірленуге жататын мәселелердің тізбесі немесе дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны: а)тақырыптың өзектілігі; ә)ҚР аумағында қолдану; б)қандай нормативтік-техникалық құжаттармен (стандарттармен) реттеледі; в) әлемде қалай қолданылады; г) ҚР-да қалай қолданылады.
Графикалық материалдардың тізбесі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):
Дипломдық жұмыс ?? беттен, ?? суреттен, ? кесте-сызбалардан тұрады.
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 10 атаулардан

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Өнеркәсіптік өнімдердің сапасын сертификаттаудың теориялық негіздері	12.02.2025	жоқ
Өнеркәсіптік өнімді қолдану негіздері	19.03.2025	жоқ
Сертификаттау үдерісін жетілдіру әдістері мен құралдарын ұсыну.	21.05.2025	жоқ

Аяқталған дипломдық жұмыс (жоба) үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын (жобасын) көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған

қолдары

Бөлімдер атауы	**Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)**	**Қол қойылған күні**	**Қолы**
Экономикалық бөлім	Есентай А.М. PhD,аға оқытушы	05.06.25	
Еңбекті қорғау бөлімі	Есентай А.М. PhD, аға оқытушы	05.06.25	
Норма бақылаушы	Турсынбаева А.Е. Аға оқытушы	3.06.25ж	

Ғылыми жетекші _____ Есентай А.М.
қолы *Аты-жөні*

Білім алушы тапсырманы орындауға алды _____ Заинудина А.С.
қолы *Аты-жөні*

Күні «____» _____20___ж

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік өнімдерді, атап айтқанда «Сатурн-М» және «Сатурн-М1» электр өлшеу құрылғыларын сертификаттау процесін оңтайландыру мәселелеріне арналған. Жұмыстың негізгі мақсаты – қазіргі сертификаттау жүйесінің тиімділігін арттыру жолдарын ғылыми негіздеу және практикалық ұсыныстарды әзірлеу.

Зерттеу барысында мынадай маңызды нәтижелерге қол жеткізді:

1. Қазақстандық сертификаттау жүйесінің негізгі мәселелері анықталды, олардың ішінде:

- Ұзақ мерзімді сертификаттау процедуралары;
- Жоғары өлшеу құралдарын тексеру шығындары;
- Бюрократиялық кедергілер.

2. Сертификаттау процесін оңтайландырудың инновациялық әдістері ұсынылды:

- Параллельді тексеру процедураларын енгізу;
- Цифрлық технологияларды қолдану;
- Халықаралық стандарттармен үйлесімділікті арттыру;

3. «Сатурн-М» сериялы құрылғыларының сертификаттауын жеңілдетуге арналған арнайы әдістеме әзірленді, ол:

- Сертификаттау мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді;
- Шығындарды азайтады;
- Өнімнің халықаралық нарықтарға шығу мүмкіндігін арттырады.

Зерттеу нәтижелері өнеркәсіптік кәсіпорындардың сапаны бақылау бөлімдерінде, сертификаттау органдарында және мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіруде қолданыла алады.

Жұмыста заманауи зерттеу әдістері қолданылған, олардың ішінде салыстырмалы талдау, нормативтік-құқықтық талдау, экономикалық тиімділікті бағалау әдістері және статистикалық деректерді талдау.

Түйінді сөздер: сертификаттау процесстері, өлшеу құралдары, өнеркәсіп тиімділігі, сертификаттау схемалары, үдерісті оңтайландыру.

АННОТАЦИЯ

Данная дипломная работа посвящена вопросам оптимизации процесса сертификации промышленной продукции в Республике Казахстан, в частности электроизмерительных приборов «Сатурн-М» и «Сатурн-М1». Основная цель работы - научное обоснование путей повышения эффективности действующей системы сертификации и разработка практических рекомендаций.

В ходе исследования были достигнуты следующие значимые результаты:

1. Выявлены основные проблемы казахстанской системы сертификации, включая:

- Длительные процедуры сертификации;
- Высокие затраты на поверку измерительного оборудования;
- Бюрократические барьеры.

2. Предложены инновационные методы оптимизации процесса сертификации:

- Внедрение параллельных процедур проверки;
- Применение цифровых технологий;
- Повышение соответствия международным стандартам.

3. Разработана специальная методика упрощения сертификации приборов серии «Сатурн-М», которая:

- Позволяет сократить сроки сертификации;
- Снижает затраты;
- Повышает конкурентоспособность продукции на международных рынках.

Результаты исследования могут быть применены в отделах контроля качества промышленных предприятий, сертификационных органах, а также при совершенствовании государственной системы регулирования.

В работе использованы современные методы исследования, включая сравнительный анализ, нормативно-правовой анализ, методы оценки экономической эффективности и анализ статистических данных.

Ключевые слова: процессы сертификации, средства измерений, промышленная эффективность, схемы сертификации, оптимизация процесса.

ANNOTATION

This thesis focuses on optimizing the certification process for industrial products in the Republic of Kazakhstan, specifically the «Saturn-M» and «Saturn-M1» electrical measuring devices. The primary objective of the study is to scientifically substantiate methods for improving the efficiency of the current certification system and develop practical recommendations.

The research has yielded the following significant findings:

1. Identification of key challenges in Kazakhstan's certification system, including:

- Lengthy certification procedures;
- High costs of verification for measuring equipment;
- Bureaucratic obstacles.

2. Proposal of innovative optimization methods for the certification process:

- Implementation of parallel verification procedures;
- Application of digital technologies;
- Enhancement of compliance with international standards.

3. Development of a specialized methodology to streamline certification of «Saturn-M» series devices, which:

- Reduces certification timelines;
- Decreases costs;
- Improves product competitiveness in global markets.

The research outcomes can be implemented in quality control departments of industrial enterprises, certification bodies, and for improving the national regulatory framework.

The study employs contemporary research methodologies, including comparative analysis, regulatory and legal analysis, economic efficiency evaluation methods, and statistical data analysis.

Key words: certification processes, Measuring Instruments, industry efficiency, certification schemes, process optimization.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
СЭВ – Совет экономической взаимопомощи
ХЭК – Халықаралық электротехникалық комиссия
ЕОТЖ – сынақтар мен сертификаттау жөніндегі еуропалық ұйым
ҚР – Қазақстан Республикасы
ГОСТ – государственный стандарт
ИСО (ISO) - International Organization for Standardization
НТҚ - Нормативтік-техникалық құжаттар

МАЗМҰНЫ

Кіріспе		10
1	Өнеркәсіптік өнімдердің сапасын сертификаттаудың теориялық негіздері	13
1.1	Өнеркәсіптегі сертификаттау ұғымы мен маңызы	13
1.2	Өнімді сертификаттаудың құқықтық және нормативтік негіздері	14
1.2.1	Сәйкестікті бағалау ережелерін бекіту туралы	16
1.3	Сертификаттау сызбалары және олардың ерекшеліктер	17
1.4	Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы сертификаттау процестерінің/сызбаларының мәселелері мен кемшіліктері	21
2	Өнеркәсіпте өнімді қолдану негіздері	24
2.1	«Сатурн-М» және «Сатурн-М1» жиынтық сынақ құрылғылары	24
3	Сертификаттау үдерісін тиімділеу бойынша іс-шараларды әзірлеу	32
3.1	Сертификаттау үдерісін жетілдіру әдістері мен құралдарын ұсыну	32
3.2	Цифрлық технологияларды енгізу жәнеүдерістерді автоматтандыру	32
3.3	Персоналды оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру	33
3.4	Сертификаттау схемалары бойынша оңтайландыру іс-шаралары	33
3.5	Ұсынылған іс-шараларды енгізуден күтілетін нәтижелерді бағалау	35
Қорытынды		37
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі		38

КІРІСПЕ

Әлемдік тәжірибеде объектілердің белгіленген талаптарға сәйкестігін растаудың көптеген әдістері бар, оларды әртүрлі тараптар – өндірушілер, сатушылар, тапсырыс берушілер және оларға тәуелсіз ұйымдар жүзеге асырады. Тексеру рәсімдері арасында сертификатау ерекше орын алады, ол өз ерекшелігімен сипатталады, өйткені ол өндірушілер мен тұтынушылардан тәуелсіз үшінші тараппен жүзеге асырылады, бұл оның нәтижелерінің жоғары сенімділігіне негіз қалайды. Сертификаттау рәсімі ұзақ уақыттан бері қолданылып келеді, алайда «сертификаттау» термині коммерциялық тәжірибеде салыстырмалы түрде жақында танылды. Тауар өндірушілері бұрыннан өз тауарларының сапасын жазбаша түрде кепілдендіріп, яғни оларды қазіргі тілмен айтқанда сәйкестік куәлігімен қамтамасыз еткен. Қайта өрлеу дәуірінің ұлы суретшілері де өздерінің кескіндеме жұмыстарының 300 жыл бойы сақталуына кепілдік бергені туралы тарихи дәлелдер бар. Бұл кепілдіктердің көп жағдайда нақты орындалғанын атап өту керек. Бұл – бірінші тарап, яғни өндіруші жүзеге асырған сертификаттау мысалы. «Сертификат» термині халықаралық метрология тәжірибесінде 100 жылдан астам уақыт қолданылып келеді. Бұрынғы КСРО-да сертификаттау бастапқыда тек экспортталатын өнім үшін жүргізілді. Ол шетелдік орталықтарда жүзеге асырылды және іс жүзінде Кеңес Одағынан өнім экспортталған елдердің заңдарына негізделді. Тек 1984 жылы КСРО Үкіметінің экспортталатын өнімді сертификаттау туралы Қаулысы қабылданды. 1988 жылы Шығыс Еуропа экономикалық өзара көмек Кеңесіне (СЭВ) мүше елдер өзара жеткізілетін өнімнің сапасын бағалау және сертификаттау жүйесі туралы Конвенцияға қол қойды. Бұл жүйе (СЕПРО СЭВ) СЭВ стандарттарын, сондай-ақ басқа да халықаралық және ұлттық стандарттарды пайдалана отырып сертификаттау жүргізуді көздеді. Жүйе іс жүзінде сынақ зертханаларын халықаралық аккредиттеуді енгізді. Сонымен қатар, КСРО-да өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалаудың басқа түрлері қолданылды: сапа санаттары бойынша аттестаттау, дайын өнімді мемлекеттік қабылдау, стандарттарға мемлекеттік қадағалау. Алайда, КСРО ыдырағаннан кейін өнімді мемлекеттік қабылдау және санаттар бойынша сапаны аттестаттау барлық жерде жойылды.

Сертификаттау индустриалды дамыған елдерде және Халықаралық экономикалық ынтымақтастықта кеңінен қолданылады. Бұл елдерге өз нарығын ұлттық стандарттарға және басқа да қолданыстағы нормаларға сәйкес келмейтін өнімдердің пайда болуынан қорғауға мүмкіндік береді. Әр түрлі елдерде бір өнімге арналған стандарттар мен техникалық нормалар әр түрлі болғандықтан, бұл халықаралық саудада белгілі бір қиындықтар туғызады. Елдердегі өнім сапасына қойылатын талаптардағы айырмашылықтар белгілі бір дәстүрлерге байланысты қалыптасады немесе шетелдік бәсекелестердің тауарларының ішкі нарығына кіруді қиындату үшін әдейі жасалады. Осы сәйкессіздіктерді жою үшін көптеген елдер халықаралық келісімдер жасайды. Халықаралық ынтымақтастық үшін басты міндет – әртүрлі елдерде

қолданылатын сертификаттау ережелерін сертификаттау ережелерін біріздендіру. Халықаралық сертификаттау принциптері мен процедураларын белгілеу және саудадағы техникалық кедергілерді азайту. Осыған байланысты сертификаттауға әртүрлі халықаралық ұйымдардың, атап айтқанда Халықаралық стандарттау ұйымының (ИСО), Халықаралық электротехникалық комиссияның (ХЭК) және т.б. қызметінде үлкен көңіл бөлінеді. Олардың негізінде Еуропалық экономикалық қоғамдастықта (БЭЖ) сәйкестікті растау мен сертификаттаудың өңірлік жүйесі қалыптастырылады, сынақтар мен сертификаттау жөніндегі еуропалық ұйым (ЕОТЖ) құрылады.

Қазақстанда ұлттық сертификаттау жүйесінің дамуы 1991 жылғы 5 маусымдағы «тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақ КСР Заңы күшіне енген сәттен басталды. Аталған Заңның 13-бабына сәйкес тұтынушының өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тиісті сапасына құқығын және олар туралы ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету үшін сапаны бақылауды арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар (Қазглавстандарттың аумақтық органдары және т.б.) жүзеге асырады.

Кейінгі жылдары әртүрлі өнімдердің сәйкестігін растаудың заңнамалық негізі қалыптасты. Тексеру объектілері негізінен кәсіпорындарды басқару жүйесінің сапасы және өнімнің өзі болды. ҚР сертификаттау жүйесі 2004 жылғы 9 қарашадағы «Техникалық реттеу туралы» ҚР Заңының қолданысқа енгізілуімен одан әрі дамыды.

Сонымен қатар, ҚР Кеден одағына кіруіне және оның Бірыңғай экономикалық кеңістікке, ал кейіннен Еуразиялық экономикалық одаққа дамуына байланысты мемлекетаралық экономикалық бірлестік шеңберінде техникалық реттеуді ұйымдастыру жөніндегі барлық негізгі функциялар ұлттық деңгейден мемлекеттен тыс деңгейге – Еуразиялық экономикалық комиссияға берілді.

Тиісінше, техникалық реттеу саласындағы заңнаманың барлық нормалары 2010 жылдан бастап Кеден одағының заңнамасымен айқындалды, ал 2014 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасымен регламенттеледі.

Міндетті сертификаттау алғаш рет ҚР-да 1995 жылы «стандарттау және сертификаттау туралы» ҚР Заңына сәйкес енгізілді, ал 1999 жылы «Сертификаттау туралы» ҚР жаңа Заңы қабылданды, ол алғаш рет сертификаттау саласындағы қоғамдық қатынастарды кешенді түрде реттеді, мемлекеттік сертификаттау жүйесінің құқықтық негіздері және мемлекет пен тұтынушылардың мүдделерін қорғау шаралары айқындалды өнімнің, процестердің, жұмыстар мен қызметтердің сапасы мәселелерінде. Бұрынғы заңды қайта қарау өнімге қойылатын қолданыстағы талаптарды халықаралық ережелермен үйлестіру және сертификаттау саласындағы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерді нақтылау қажеттілігінен туындады.

Негізгі принциптердің қарапайымдылығына қарамастан, сертификаттау күрделі қызмет саласы болып табылады. Ол стандарттау, техникалық өлшемдер мен сынақтар саласында ғана емес ңымен қатар экономикада, құқықтық мәселелерде және т.б. белгілі бір білім мен тәжірибені қажет етеді.

Қазақстан халықаралық сертификаттау жүйесіне белсенді түрде бірігіп келеді, сонымен қатар ішкі нарықтың қажеттіліктері мен халықаралық талаптарды сақтайтын ұлттық сертификаттау жүйесін сақтап келеді.

Қазақстандағы сертификаттау жүйесі: Қазақстанда өнімдер мен қызметтердің сертификатталуы бірқатар стандарттар мен нормативтік актілер арқылы реттеледі, олардың ішінде ең маңыздысы МемСТ және Қазақстан стандарттары. Қазақстандағы сертификаттау жүйесі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс және тұтыну тауарларын қоса алғанда, түрлі салаларды қамтиды.

Қазақстандағы сертификаттау үшін жауапты негізгі орган – Қазақстанның стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСтандарт), ол өнімдер мен қызметтерді мемлекеттік стандарттар мен халықаралық талаптарға сәйкес сертификаттайды. Бұл өнімдердің ішкі стандарттарға және халықаралық нормаларға сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

1 Өнеркәсіптік өнімдердің сапасын сертификаттаудың теориялық негіздері

1.1 Өнеркәсіптегі сертификаттау ұғымы мен маңызы

Сертификаттау – бұл өнімнің белгілі бір талаптарға, нақты стандарттарға немесе техникалық шарттарға сәйкестігін растайтын процесс. Өнімді сертификаттау сәйкестік сертификаты (құжат) арқылы растау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар (іс-қимылдар) кешені болып табылады, оған сәйкес өнім белгілі бір стандарттарға немесе өзге НТҚ-ға сәйкес келеді. Сертификаттау ішкі нарықты пайдалануға жарамсыз өнімдерден қорғау қажеттілігіне байланысты пайда болды. Қауіпсіздік, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау мәселелері заң шығарушы билікті, бір жағынан, сапасыз өнімді айналымға енгізу үшін жеткізушінің (өндірушінің, сатушының және т.б.) жауапкершілігін белгілеуге; екінші жағынан, айналымға енгізілетін өнімнің сипаттамаларына қатысты орындалуы міндетті минималды талаптарды белгілеуге мәжбүр етеді. Жалпы немесе қандай да бір жекелеген параметрлер бойынша заңнамалық актілердің қолданысына жататын өнімді айналымға енгізуге шектеу белгіленеді. Бұл ретте өнімдер заңнамалық реттелетін салаға түседі деп айтылады. Егер өнімнің сипаттамалары тұтастай алғанда және ішінара ұлттық заңдардың күшіне енбесе, онда мұндай өнім тиісті нарық шегінде еркін қозғала алады және бұл ретте өнім заңмен реттелмейтін салаға түседі деп айтылады [1].

Сертификаттау – өнімді өзара жеткізу кезінде сенімді қамтамасыз етудің, сондай-ақ тұтынылатын (пайдаланылатын) өнімнің қауіпсіздігіне кепілдік беру, азаматтардың денсаулығы мен мүлкін қорғау, қоршаған ортаны қорғау сияқты ірі әлеуметтік міндеттерді шешудің маңызды факторы. Әр түрлі мемлекеттердің жалпы экономикалық кеңістігінде сертификаттауды дамыту заңнамалық базаны үйлестіруге, бірыңғай стандарттар мен сәйкестікті белгілеудің өзара танылған тетіктерін пайдалануға негізделуі мүмкін өнімді сертификаттау нәтижелерін өзара тануды білдіреді [2].

Өнімді сертификаттау – бұл өнімнің стандарттардың, техникалық регламенттердің, келісімшарттар талаптарының немесе басқа нормативтік құжаттардың белгіленген талаптарына сәйкестігін растау қызметі. Сертификаттау ішкі және сыртқы нарықтарда өнімнің сапасын, қауіпсіздігін және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазіргі экономика жағдайында сертификаттау бірқатар маңызды функцияларды орындайды:

- Қауіпсіздік кепілдігі – өнімнің азаматтардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және қоршаған ортаға зиян келтірмейтінін растайды;
- Сапаны қолдау – белгіленген талаптарға сәйкес өнім сапасының тұрақты деңгейін қамтамасыз етеді;
- Тұтынушылардың мүдделерін қорғау-өнімнің сипаттамалары туралы сенімді ақпарат береді;

- Сауда рәсімдерін жеңілдету-тиісті сертификаттардың болуы арқылы халықаралық нарықтарда өнімді тануға ықпал етеді;
- Өндірісті жаңғыртуды ынталандыру – өндірушілерді сертификаттау талаптарына сәйкес технологияларды жетілдіруге мәжбүр етеді.

Өнеркәсіпте сертификаттау өндіріс процесінің маңызды элементіне айналады. Бұл тұтынушылардың сенімін нығайтуға, кәсіпорындардың беделін арттыруға, сондай-ақ сертификаттау көбінесе келісімшарттар жасасудың міндетті шарты болып табылатын халықаралық нарықтарға шығуға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіпті сертификаттаудың мақсаттары:
- Өнім немесе процесс қауіпсіздігін қамтамасыз ету адам мен қоршаған орта үшін;
- Өнімнің сапасын қамтамасыз ету;
- Нарыққа шығуға рұқсат алу (мысалы, тауарларды ЕАЭО аумағында сату үшін міндетті сертификаттау);
- Бәсекеге қабілеттілік — сертификатталған тауар немесе өндіріс сатып алушылар мен серіктестердің сенімін тудырады;
- Заңнамалық талаптарға сәйкестігін бақылау.

Сертификаттаудың негізгі түрлері:
- Міндетті сертификаттау – заң бойынша талап етіледі (мысалы, жоғары кернеулі жабдық, азық-түлік өнімдері, медициналық техника және т.б.).
- Ерікті сертификаттау – өндіруші сапаны, экологиялық тазалықты, энергия тиімділігін және т.б. растау үшін бастамашы болады.

Сертификатталатын объектілер мысалдары:
- Өнеркәсіптік жабдықтар;
- Электротехникалық өнімдер;
- Сапа менеджменті жүйелері (мысалы, ISO 9001);
- Өндірістік процестер (мысалы, дәнекерлеу, құю, құрастыру);
- Қорғаныс құралдары, құрылыс материалдары және т.б.

Сертификаттау машина жасау, мұнай-химия, энергетика және құрылыс сияқты салаларда ерекше маңызға ие, мұнда стандарттардан кез келген ауытқулар елеулі экономикалық шығындарға немесе тіпті техногендік апаттарға әкелуі мүмкін. Осылайша, өнімді сертификаттау өнеркәсіптік кәсіпорындардың сапа менеджменті мен стратегиялық дамуының ажырамас элементі болып табылады.

1.2 Өнімді сертификаттаудың құқықтық және нормативтік негіздері

Өнеркәсіп өнімдерін сертификаттау бірқатар құқықтық актілер мен нормативтік құжаттармен реттеледі. Бұл құжаттар сертификаттаудың мақсаттарын, принциптерін, рәсімдерін және өнімге қойылатын талаптарды айқындайды.

Негізгі құқықтық құжаттарға мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, азаматтардың қауіпсіз өнімге және олардың құқықтарының қорғалуына құқығын бекітеді;
- «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, стандарттау, аккредиттеу және сертификаттау мәселелерін реттейді;
- Техникалық регламенттер, өнімнің өндіріс, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және жою процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейді;
- Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары (СТ РК) және мемлекетаралық стандарттар (МемСТ), сертификаттау кезінде қолданылатын ерікті талаптарды белгілейді;
- Халықаралық келісімдер, атап айтқанда, Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) аясындағы техникалық кедергілерді жою туралы келісімдер.

Нормативтік деңгейде сертификаттау Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен (мысалы, Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті) бекітілген процедураларға сәйкес жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) аясында қабылданған бірыңғай техникалық регламенттер де Қазақстан үшін міндетті болып табылады.

Осылайша, өнімді сертификаттаудың құқықтық және нормативтік негіздері бірыңғай құқықтық алаң қалыптастырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға, өнім сапасын қамтамасыз етуге және өнеркәсіпті дамытуға бағытталған.

ТР ТС 004/2011 – Кеден одағының техникалық регламенті «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» деп аталады. Бұл құжат 2013 жылдың ақпан айынан бастап Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстан елдері үшін міндетті болып табылады. Оның мақсаты — төмен вольтты электр жабдықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұтынушыларды қорғау және өнімдердің еркін айналымын қамтамасыз ету.

Бұл техникалық регламент төмен вольтты электр жабдығының қауіпсіздігіне қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді.

Қамтылатын кернеу диапазоны:
- айнымалы ток үшін: 50 В-тан 1000 В-қа дейін;
- тұрақты ток үшін: 75 В-тан 1500 В-қа дейін.

Қолданылу саласы:
- тұрмыстық техника;
- жарықтандыру құрылғылары;
- электр құралдары;
- компьютерлер мен өндірістік жабдықтары;

Негізгі талаптар:
- Қолдану аймағы: Бірыңғай кедендік аумақта айналымға шығарылатын жабдық;

- Қауіпсіздік талаптары: Электр тогынан қорғаныс, механикалық беріктік, термиялық төзімділік;
- Таңбалануы және құжаттама: Өнімде белгіленуі тиіс таңбалар мен пайдаланушыға арналған нұсқаулықтар болуы қажет;
- Сәйкестікті растау: Өнімнің регламент талаптарына сәйкестігін дәлелдеу (декларация немесе сертификаттау арқылы) [3].

Техникалық регламент ТР ТС 020/2011 «Электромагниттік үйлесімділік туралы» – Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) аумағында техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігіне қойылатын талаптарды белгілейтін құжат.

ТР ТС 020/2011 регламенті келесі негізгі бөлімдерден тұрады:

Кіріспе: Техникалық регламенттің мақсаты мен қолданылу аясын анықтайды.

1-бап. Қолдану саласы: Электромагниттік үйлесімділікке әсер ететін немесе оған тәуелді техникалық құралдарға қойылатын талаптарды белгілейді.

2-бап. Анықтамалар: Құжатта қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамаларды береді.

3-бап. Нарықта айналымға шығару ережелері: Техникалық құралдардың нарықта айналымға шығару тәртібін реттейді.

4-бап. Электромагниттік үйлесімділікке қойылатын талаптар: Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігіне қойылатын техникалық және қауіпсіздік талаптарын анықтайды.

5-бап. Маркировка және пайдалану құжаттары: Өнімде белгіленуі тиіс таңбалар мен пайдаланушыға арналған нұсқаулықтар болуы қажет.

6-бап. Сәйкестікті қамтамасыз ету: Өнімнің регламент талаптарына сәйкестігін дәлелдеу шараларын белгілейді.

7-бап. Сәйкестікті растау: Сәйкестікті растау рәсімдерін реттейді.

8-бап. Біртұтас белгілеу: Өнімге біртұтас белгілеуді енгізу тәртібін анықтайды.

9-бап. Қорғаныш ескертпесі: Қорғаныш шараларын белгілеуді талап етеді [4].

1.2.1 Сәйкестікті бағалау ережелерін бекіту туралы

Сәйкестікті бағалау ережелері сертификаттау жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Бұл ережелер өнімнің, процестердің немесе қызметтердің белгіленген талаптарға сәйкестігін дәлелдеу процесіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Қазақстан Республикасында Сәйкестікті бағалау ережелері Үкімет қаулысымен бекітілген және мыналарды реттейді:

- сәйкестікті растау рәсімдерінің жүргізілу тәртібін;
- сертификаттау органдарына және сынақ зертханаларына қойылатын талаптарды;

- сәйкестікті растау нысандарын (сертификаттау немесе декларациялау);
- сынақтар, инспекциялық бақылау және сертификаттық сынақтар жүргізу тәртібін;
- сәйкестік сертификаттары мен сәйкестік туралы декларацияларды рәсімдеу талаптарын;
- сертификатталған өнімге қадағалау жүргізу тәртібін.

Сәйкестікті бағалау міндетті немесе ерікті болуы мүмкін. Міндетті сәйкестікті растау техникалық регламенттермен немес езаңнамамен белгіленген жағдайларда жүргізіледі. Ерікті сертификаттау – өндірушілердің немесе жеткізушілердің өз бастамасымен бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында жүргізіледі.

Сәйкестікті бағалау процесінің негізгі кезеңдері:
- Сертификаттауға өтінім беру;
- Құжаттарды талдау және сертификаттау сызбасын таңдау;
- Өнім үлгілерін сынау;
- Сәйкестік сертификатын беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдау;
- Сертификатталған өнімге инспекциялық бақылау жүргізу.

Осылайша, сәйкестікті бағалау ережелерін бекіту мен қолдану өнеркәсіптік өнім сапасын арттыруға, оның сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды механизм болып табылады [5].

1.3 Сертификаттау сызбалары және олардың ерекшеліктері

Сертификаттау сызбасы – бұл өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау бойынша қатысушылардың іс-әрекеттерінің тәртібі.

Сертификаттау сызбасын таңдау мынадай факторларға байланысты:
- Өнімнің ерекшеліктеріне;
- Заңнамалық талаптарға;
- Өнімді қолданумен байланысты тәуекел деңгейіне;

Қазақстан Республикасында өнімді сертификаттау ұлттық заңнамаға сәйкес жүргізіледі. Бұл үшін Қазақстанның «Техникалық реттеу туралы» заңы және ұлттық стандарттар (СТ РК) қолданылады. Сертификаттау өнімнің қауіпсіздігін, сапасын растайтын құжатты алуға бағытталған және тек Қазақстан аумағында жарамды. Сертификатты ұлттық аккредиттелген органдар береді. Қазақстан ішінде өнімді сату үшін кейбір өнімдер міндетті түрде сертификатталуы тиіс, ал кейбір өнімдер үшін сертификаттау ерікті түрде жүргізіледі.

Қазақстанда сертификаттау бірнеше сызбаның негізінде жүзеге асырылады, олар әртүрлі сатылар мен процедураларды қарастырады. Өнімнің күрделілігіне және қауіптеріне байланысты сертификаттау процесі әртүрлі сызбалар арқылы жүзеге асырылады. Негізгі сызбалар мыналар:

Кесте 1 – Өнімді сертификаттау сызбалары (ТР РК талаптарына сәйкестігін бағалау) [6]

Сызбаның өмері	Сызбаның қолдану саласы	Сәйкестікті растау тәсілдері	Өндірісті тексеру	Ескерту	Өнімді сертификаттау схемаларын қолдану тәртібі
1	Сериялық шығарылым	Типтік сынақтар	-	Таңбалау жүргізілмейді	Өнімді сатудың шектеулі, алдын-ала келісілген көлемінде қолдану ұсынылады. Жарамдылық мерзімі 6 ай
2	Сериялық шығарылым	Типтік сынақтар	Өндіріс жағдайын талдау	Осы типтегі барлық шығарылатын өнімдер таңбаланады	Ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша түсетін импорттық өнімді сертификаттау кезінде немесе жекелеген келісімшарттар бойынша сериялық өнімді тұрақты жеткізу кезінде қолдануға рұқсат етіледі. Жарамдылық мерзімі 12 ай
3	Сериялық шығарылым	Типтік сынақтар	Өндіріс жағдайын талдау	Осы типтегі барлық шығарылатын өнімдер таңбаланады	Өндірістің тұрақтылығы күмән тудырмайтын сериялық өнімді сертификаттау үшін қолданылуы керек. Жарамдылық мерзімі 12 ай
4	Сериялық шығарылым	Типтік сынақтар	Өндіріс жағдайын талдау	Осы типтегі барлық шығарылатын өнімдер таңбаланады	Қажет болған жағдайда өнім сипаттамаларының тұрақтылығын жан-жақты және қатаң бақылау қолданылады. Жарамдылық мерзімі 18 ай
5	Сериялық шығарылым	Типтік сынақтар	Сапа менеджменті жүйесін сертификаттау	Осы типтегі барлық шығарылатын өнімдер таңбаланады	Өнімді сертификаттау кезінде қолдану ұсынылады, ол үшін: 1) сынақтар үшін іріктеменің нақты көлемі шығарылатын өнімді объективті бағалау үшін жеткіліксіз; 2) Технологиялық процестер сыртқы факторларға сезімтал; 3) Шығарылатын өнім сипаттамаларының тұрақтылығына жоғары талаптар белгіленген; 4) өнімнің жарамдылық мерзімі сынақтарды ұйымдастыруға және өткізуге қажетті уақыттан аз; 5) өнім модификациясының жиі өзгеруімен сипатталады; Жарамдылық мерзімі 36 ай

1-кестенің жалғасы

6	Сериялық шығарылым	Типтік сынақтар	Сапа менеджменті жүйесін сертификаттау	Таңбалау жүргізілмейді	Өнімді сертификаттау кезінде қолдану ұсынылады, ол үшін: 1) сынақтар үшін іріктеменің нақты көлемі шығарылатын өнімді объективті бағалау үшін жеткіліксіз; 2) Технологиялық процестер сыртқы факторларға сезімтал; 3) Шығарылатын өнім сипаттамаларының тұрақтылығына жоғары талаптар белгіленген; 4) өнімнің жарамдылық мерзімі сынақтарды ұйымдастыруға және өткізуге қажетті уақыттан аз; 5) өнім модификациясының жеке өзгеруі тән; 6) өнімді сынауға тұтынушыда монтаждан кейін ғана жол беріледі. Схема түпкілікті өнімді сертификаттауды қарастырмайды және компоненттерд сертификаттау үшін ұсынылады. Егер сертификаттау кезінде расталатын сипаттамалардың номенклатурасы және олардың мәндері Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес келсе, сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификаты бар жеткізушінің (дайындаушының емес) импортталатын өнімін сертификаттау кезінде де пайдалануға жол беріледі. Жарамдылық мерзімі 36 ай
7	Партия	Партияны сынақта өткізу	-	Таңбалау жүргізілмейді	Бұл өнімді өндіру және сату бір реттік сипатта болған кезде (партия, жалғыз өнім) қолдану ұсынылады.(3 жылдан аспайтын), бірақ өнімнің жарамдылық мерзімінен аспайтын мерзімде белгіленеді
8	Дарабұйым	Әрбір өнімді сынау	-	Әрбір өнім таңбаланады	Бұл өнімді өндіру және сату бір реттік сипатта болған кезде (партия, жалғыз өнім) қолдану ұсынылады.(3 жылдан аспайтын), бірақ өнімнің жарамдылық мерзімінен аспайтын мерзімде белгіленеді

1-кестенің жалғасы

9	Партия	Қосымша құжаттар мен өтінімді қарау	-	Таңбалау жүргізілмейді	Егер ұсынылған құжаттар өнімнің қауіпсіздігін бағалауға мүмкіндік берсе, импортталатын өнім үшін өз қажеттіліктері үшін шағын көлемді өнім партиясын, өндірісті немесе өндірістік және өзге де объектілерді жарақтандыру үшін нысаналы мақсатпен сатып алынатын бірлік бұйымды (бұйымдар жиынтығын) сертификаттау жағдайында қолдану ұсынылады.(3 жылдан аспайтын), бірақ өнімнің жарамдылық мерзімінен аспайтын мерзімде белгіленеді
10	Серия лықшығарылым	Қосымша құжаттар мен өтінімді қарау	Өндіріс жағдайын талдау	Таңбалау жүргізілмейді	Егер ұсынылған құжаттар өнімнің қауіпсіздігін бағалауға мүмкіндік берсе, импортталатын өнім үшін өз қажеттіліктері үшін шағын көлемді өнім партиясын, өндірісті немес еөндірістік және өзге де объектілерді жарақтандыру үшін нысаналы мақсат пен сатып алынатын бірлік бұйымды (бұйымдар жиынтығын) сертификаттау жағдайында қолдану ұсынылады. Жарамдылық мерзімі 12 ай

Ескертпелер:

* - сынақтардың қажеттілігі мен көлемі сертификатталған сапа менеджменті жүйесін (Өндірісті)бақылау нәтижелері бойынша өнімнің ОПС анықтайды;

** - сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификатын берген ОПС жүзеге асырады;

*** - нақты өнімнің сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификаты және мерзімді бағалаудың оң нәтижелері болған жағдайда, тұрақты сападағы өнім шығару үшін жағдайларға талдау жүргізілмейді; мерзімді бағалаудың кезеңділігі мен көлемін айқындау үшін өлшем шарттар дайындаушы, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары жүргізген өнімді және оның өндірісін сынау және тексеру нәтижелері туралы ақпарат, сол дайындаушы шығаратын ұқсас өнім туралы ақпаратты, сәйкестік сертификатын берудің алдындағы жұмыстардың нәтижелері, сондай-ақ бұйрықта белгіленген талаптар болып табылады.

ЕАЭО/КО сертификаттау сызбасын таңдау. Жалпы, Еуразиялық экономикалық одақ аясында 10 сертификаттау сызбасы бар:

Кесте 2 – Сертификаттау сызбасы

№ схемалар	Схемада көзделген рәсімдер	Қосымша
1с	Аккредиттелген сынақ зертханасында (АСЗ) өнім өндірісінің жай-күйіне талдау, сондай-ақ өнім үлгілерін сынау жүргізіледі және оң нәтижелер болған жағдайдас ериялық шығарылатын өнімге сәйкестік сертификаты ресімделеді	Сериялық шығарылатын өнімдерге және ҚР-ға үлкен жеткізілімдер кезінде ұсынылады
2с	Дайындаушының сапа менеджменті жүйесінің аудиті, сондай-ақ аккредиттелген сынақ зертханасында өнім үлгілерін сынау жүргізіледі және оң нәтижелер болған жағдайда СМЖ ҚР СТ ИСО 9001 стандартына сәйкестік сертификаты және сериялық шығарылатын өнімге сәйкестік сертификаты ресімделеді	Сериялық шығарылатын өнімдерге және өндірушіде сертификатталған СМЖ болған кезде ұсынылады
3с	Аккредиттелген сынақ зертханасында өнім партиясынан алынған үлгілерді сынау жүргізіледі және оң нәтижелер болған жағдайда өнім партиясына сәйкестік сертификаты ресімделеді	Бір реттік жеткізілетін өнімдер үшін ұсынылады
4с	Аккредиттелген сынақ зертханасында бірлік өніміне сынақтар жүргізіледі және оң нәтижелер болған жағдайда бірлік өніміне сәйкестік сертификаты ресімделеді	Бірданада жеткізілетін өнімдерге ұсынылады
5с	Өнім жобасын зерттеу және өндіріс жағдайын талдау жүргізіледі. Оң нәтижелер болған жағдайда сериялық шығарылатын өнімге сәйкестік сертификаты ресімделеді. (Жобаны зерттеу өнім өндірілетін техникалық құжаттаманы, жүргізілген есептеулер нәтижелерін, өнімнің эксперименттік үлгілерін сынауды талдауды білдіреді)	Сериялық шығарылатын өнімдерге, егер толық көлемде мүмкін емес немесе қиын растау сәйкестік талаптарына дайын өнімді сынау кезінде ұсынылады
6с	Өнім жобасын зерттеу және өндірушінің сапа менеджменті жүйесінің аудиті жүргізіледі. Оң нәтижелер болған жағдайда СМЖ ҚР СТ ИСО 9001 стандартына сәйкестік сертификаты және сериялық шығарылатын өнімге сәйкестік сертификаты ресімделеді. (Жобаны зерттеу өнім өндірілетін техникалық құжаттаманы, жүргізілген есептеулер нәтижелерін, өнімнің эксперименттік үлгілерін сынауды талдауды білдіреді	

2- кестенің жалғасы

7с	Өнім түріне зерттеулер (сынақтар) және өндіріс жағдайына талдау жүргізіледі. Оң нәтижелер болған жағдайда сериялық шығарылатын өнімге сәйкестік сертификаты ресімделеді. (Типті зерттеу мыналарды қамтиды: – өнімнің типтік өкілі ретінде жоспарланған өндіріске арналған үлгіні зерттеу; – техникалық құжаттаманы талдау, өнім үлгісін немесе өнімнің сыни құрамдас бөліктерін сынау)	Күрделі өнімдер үшін, сериялық және жаппай өндіріс және үлкен шығарылымды модификациялық өнімдерді жоспарлау жағдайында ұсынылады
8с	Өнім түріне зерттеулер (сынақтар) және дайындаушының сапа менеджменті жүйесінің аудиті жүргізіледі. Оң нәтижелер болған жағдайда СМЖ ҚР СТ ИСО 9001 стандартына сәйкестік сертификаты және сериялық шығарылатын өнімге сәйкестік сертификаты ресімделеді. (Типті зерттеу мыналарды қамтиды: – өнімнің типтік өкілі ретінде жоспарланған өндіріске арналған үлгіні зерттеу; – техникалық құжаттаманы талдау, өнім үлгісін немесе өнімнің сыни құрамдас бөліктерін сынау)	
9с	Өтініш беруші ұсынған құжаттарға талдау жүргізіледі және егер құжаттар өнімнің тиісті КО ТР барлық талаптарына сәйкестігін растайтын болса, онда өнім партиясына сәйкестік сертификаты ресімделеді	Шектеулі көлемдегі партия өнімдеріне, шетелдік өнімді щығарушы жеткізетін немесе қиын өнімге, ЕАЭО-тың аумағында өнеркәсіпті жарықтандыруға арналған жағдайда

1.4 Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы сертификаттау процестерінің/сызбаларының мәселелері мен кемшіліктері

Қазақстанда қолданыстағы сертификаттау процестері мен сызбалары өнімдер мен қызметтердің сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуүшін маңызды рөл атқарады. Алайда, бұл процестерде бірқатар мәселелер мен кемшіліктер бар, олар сертификаттаудың тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Оларға:

- Процестердің ұзақтығы. Сертификаттау процестері көп жағдайда уақытты көп алады. Бұл әсіресе шағын және орта бизнес үшін қиындық туғызады. Өндірушілер мен жеткізушілер қажетті құжаттарды жинау мен рәсімдерді орындауға көп уақыт пен ресурстаржұмсайды.
- Құжаттардың толықтығы мен дұрыстығы. Сертификаттау кезінде қажетті құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету

